

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1036 және 2006 жылғы 14 тамыздағы N 765 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 15 ақпандағы N 114 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1598 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1598 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ішкі нарықта мұнай өнімдеріне бағаны тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан мұнайдан жасалған тауарларды әкету кезінде кедендік баждарды алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1036 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 38, 53-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"СЭҚ ТН бойынша тауардың жіктеуіші" деген бағанда:

"2710 19 310 0 - 2710 19 490 0" деген сандар "2710 19 310 0 - 2710 19 490 0***

" деген сандармен ауыстырылсын;

"2710 19 610 0 - 2710 19 690 0" деген сандар "2710 19 610 0 - 2710 19 690 0***

" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы ескертпелермен толықтырылсын:

"***СЭҚ ТН 2710 19 410 0 - 2710 19 490 0 кодтарынан басқа жыл сайын 15 ақпан - 15 қазан кезеңінде";

"****жыл сайын 15 сәуір - 15 тамыз кезеңінен басқа";

2) **күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1317 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразия экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 15 ақпандағы

№ 114 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының

Кедендік тарифіне 3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес
уақытша негізде қолданылатын кедендік әкету баждарының
ставкалары**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қосымша өлшем бірлігі	Баж ставкасы (кеден құнынан пайызбен не евромен)	Уақытша кедендік баждардың қолданылу мерзімі
2710 19 410 0 - 2710 19 490 0	Ауыр дистилляттар: өзге мақсаттар үшін газойлдар (дизель отыны)	-	1000 кг үшін 130 евро	жыл сайын 15 ақпаннан 15 қазанға дейін
2710 19 610 0 - 2710 19 690 0	Ауыр дистилляттар: өзге мақсаттар үшін сұйық отын (мазут)	-	1000 кг үшін 15 евро	жыл сайын 15 сәуірден 15 тамызға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК